

Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 510 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 05 қарашада № 3079 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 03 желтоқсандағы № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 03.12.2014 № 754 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 11 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына, 15, 16 баптарына, 29 бабының 6 тармағына, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 11 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі - әлеуметтік көмек).

2. Әлеуметтік көмек әр мүгедек балаға ай сайын жеті айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ұ с ы н ы л с ы н .

3. Мынадай шарттар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға (мемлекеттік толық қамтуындағы мүгедек балалардан басқа) әлеуметтік көмек отбасының табысына қатыссыз, үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек баланың ата-анасының немесе заңды өкілінің біреуіне т ө л е н е д і ;

2) әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап, «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жанындағы

ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысына белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсуіне қарай өткен айға төленеді. Әлеуметтік көмек төлемін тоқтатуға әкеп соғатын (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектігін алып тастау), жағдайлар болса, тиісті жағдай болған айдан кейін төлем тоқтатылады.

4. «Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С. Татиева) әлеуметтік көмекті тағайындауды және төлеуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Л д и б а е в қ а жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

Аудан әкімі	Т. Мүсәпірбеков
-------------	-----------------